4.05-03 -н

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ
Педагогикалық институт
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы

Бекітілді

«31» тамыз 2023 ж.
Институт/жоғары мектеп директоры
_____ Бексеитова А.Т.

Мақұлданды

«31» тамыз 2023 ж
№ 1 хаттама

Институт/жоғары мектептің АҚ жөніндегі Кеңес төрағасы
_____ Еламанова А.Б.

Кафедра отырысында қаралды
«31» тамыз 2023 ж.
№ 1 хаттама

Кафедра меңгерушісі
_____ Молгаждаров Қ.К.

ПӘННІҢ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (СИЛЛАБУС)

Пән: Балалар әдебиеті

Білім беру саласының коды мен классификациясы: 6В01Педагогикалық ғылымдар

Дайындық бағыты: 6В01707 Тіл мен әдебиет мұғалімдерін даярлау

Білім беру бағдарламасы: 6В01707- Қазақ тілі мен әдебиеті

Көкшетау 2023

Оқытушы туралы деректер:

Лауазымы/ғылыми дәрежесі	Т.А.Ә. ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кажибаева Гульден Кенесовна
e-mail:	guldenkgk@mail.ru
Аудиториялық сабақтарды өткізу орны	Ғимарат 1, ауд.№ 525 *Платформаға сілтеме* *https://moodle.shokan.edu.kz/course/view.php?id=101*

Оқытудың мақсаты, қысқаша сипаттамасы және нәтижелері

Оқу түрі	Кредит саны	Сағат пен берілген дегі дәріс	Сағ.берілген практ., семин. сабақ	Сағ.берілген зертх.сабақтар	Сағ.берілген ОБСӨЖ/ҚОТ	Сағ.берілген СӨЖ	Барлығы сағ.	Қорытынды бақылау
Күндізгі	3	15	15		15	45	90	Емтихан (Ауызша)

Пәндердің пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе

Пәннің постреквизиті: бакалаврда оқытылатын және негізгі білімді игеру үшін қажет пәндер

Курстың мақсаты – Студенттерге балалар әдебиетінің генезисінен, балалар әдебиетінің даму сатыларынан, мектеп жасына дейінгі балалар мен мектеп жасындағы балаларға арналған шығармалардың ерекшеліктерінен, балалар әдебиетінің жанрлық түрлері мен ақын-жазушылар шығармаларының тақырыптық-идеялық, сюжеттік ізденістерінен жүйелі білім беріледі.

Оқыту нәтижелері:
A.Қазақ, шығыс, шетел әдебиетінің танымал өкілдерінің шығармашылығын, озық үлгілерін талдайды, әр қаламгердің өзіндік стиль ерекшеліктерін анықтайды;
B.Қазақ, шығыс, шетел әдебиетінен жинақтаған білімін кешенді әдеби талдауда қолданады;
C. Оқытылатын пәндер негізінде әдеби пайымдаулар жасау үшін қажетті ақпаратты жинайды, сараптайды;
D.Қазақ, шығыс, шетел әдебиетіндегі әдеби байланыстар мен ерекшеліктерді нақты әдеби деректер негізінде дәлелдейді;
E. Қазақ және әлемдік әдеби үдерістің қазіргі жай-күйі мен дамуын салыстыра бағалайды.

Оқу пәнінің құрылымы мен мазмұны

Аудиториялық сабақтардың оқу-тақырыптық жоспары:

Өткізу мерзімдері	Дәріс тақырыбы	Практикалық сабақтар	ОБСӨЖ тапсырмалары	СӨЖ тапсырмалары
1	«Қазақ балалар әдебиеті» пәнінің мазмұны мен мақсаты. Қазақ балалар әдебиетінің қалыптасу тарихы, даму жолдары. Зерттелуі. Қазақ балалар фольклоры	***Практикалық сабақ №1*** 1.Қазақ балалар әдебиетін зерттеуші ғалым Ш. Ахметов атап көрсеткен балалар әдебиетінің алты ерекшелігін түсіндіріңіздер. 2 Қадыр Мырзалиевтің «Сөз сиқыры» еңбегі жөнінде ақпараттық хабарлама дайындаңыз. 3 *Қазақ балалар әдебиетін зерттеушілер жөнінде «Төрт сөйлем» (пікір, дәлел, мысал, қорытынды), «Түймедақ», «Домино» тәсілі арқылы тапсырма, сұрақтар құрастырып, жауабын жазыңыздар.* 4. Кенжехан Матыжанов «Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры» еңбегінен *конспект* 5. Бесік жыры мен тұсау кесу жыры, маусымдық жырлар,тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең, мазақтама, қаламақ, санамақ, сұрамақтарды *жаттау, талдау* 6 *Балаларға арналған газет журналдар, сайттар, байқаулар туралы анонс,пресс-релиз дайындау*	«Күлтегін» жырының балалар тәрбиесі үшін мәні. Презентация қорғау	Авторлық бесік жыры мен тұсау кесу жыры туралы слайд дайындау
2	Ыбырай Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы.	***Практикалық сабақ №2*** 1.Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» деген еңбегінің құндылығы неде? Дәлелдеңіздер. 2.«Кел,балалар, оқылық» өлеңін жаттау, талдау	С.Торайғыров ,С.Көбеев, С.Дөнентайұлы,С.Көбеевтің балалар әдебиетіне қосқан еңбектері. Реферат	Абай Құнанбаевтың балалар әдебиеті тарихынан алатын орны

		3 *Ы.Алтынсариннің мына әңгімелері («Жаман жолдас», «Мейірімді бала», «Әдеп», «Қыпшақ Сейтқұл») бойынша «Венн диаграммасы» тапсырма, «Блум түймедағы» тәсілдері арқылы қарапайым сұрақтар, анықтаушы сұрақтар, тәжірибелік сұрақтар, интерпретациялық сұрақтар, шығармашылық сұрақтар (болжам), бағалаушы сұрақтар (салыстыру) құрастырыңыздар.*	қорғау	
3	Қазақ балалар поэзиясы. Қазақ балалар поэмасы. Зерттелуі А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев І.Жансүгіров, Б.Майлиннің балалар әдебиетіне қосқан үлесі	***Практикалық сабақ №3*** 1 Б.Майлин– балаларға арналған ертегі, реалистік поэманың негізін салушы. «Өтірікке бәйге», «Кемпірдің ертегісі» поэмаларына әдеби талдау. 2 А.Байтұрсынов «Оқуға шақыру» өлеңін талдау, *жаттау;* 3 М.Жұмабаев «Немере мен әжесі», «Сылдырмақ», «Сұр құлын», «Ақ қала», «Ата, бата», «Ана», «Сал-сал Білек, сал Білек», «Бөбектің тілегі», «Жұбату» өлеңдерін талдау, *жаттау:* «Сылдырмақ», «Сұр құлын», «Ақ қала»	М.Әуезов және балалар әдебиеті. Презентация қорғау	С.Сейфуллин, Сәбит Мұқанов және балалар әдебиеті. Тест құрастыру
4	Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев, М.Жаманбалинов, Қ.Ыдырысов, Ә.Дүйсенбиев балалар поэзиясы.	***Практикалық сабақ №4*** Ө.Тұрманжанов «Білем деме, балам!», «Екі торғай сайрайды», «Пеш ішінде күн жатыр», «Кім нені сүйеді?» өлеңдеріне әдеби талдау. «Құмырсқалар, аралар – қиыспас дос, құдалар» ертегі поэмасын талдау. М.Әлімбаев «Он саусақ», «Жол қайда жоғалды», «Ана тіліне тағзым», «Күн тоқыған кілем», «Мұғалім ол біздің» өлеңдерін талдау. *«Төрт сөйлем» тәсілін (пікір, дәлел, мысал, қорытынды) пайдаланып, Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбаев балалар поэзиясына қосқан жаңашылдығы жөнінде пікірлеріңізді жазыңыздар.* *М.Әлімбаев ертегілері негізінде комикс жасау немесе анимациялық өнім жасау*	М.Жаманбалинов, «Күж жалмауыз бен Білек батыр» ертегі поэмасы. Б.Ысқақовтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегі поэмасындағы ізгілік. *Поэма талдау*	Ә.Дүйсенбиевтің «Не деу керек» (жаттау), «Біз өмірдің гүліміз», «Ағайынбыз бәріміз», «Шірік» алма» өлеңдерін талдау. Ә.Табылдиевтің балалар поэзиясы. «Қайырлы таң, балалар», «Ана мен бала», «Ана тілі», «Наурыз тойы» өлеңдерін талдау.

5	Ж.Смаков, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Қ.Баянбаев, Ж.Кәрбозин, Қ.Жұмағалиев, Е.Өтетілеуұлының балалар поэзиясы. Қазіргі қазақ поэзиясы.	***Практикалық сабақ №5*** А.Асылбеков, Н.Жанаев, О.Асқар, С.Әлімқұлов, А.Сопыбеков, Е.Елубаев, С.Қалиев, Е.Ерботин, Ж.Қашқынов, Ж.Әбдірашев, Н.Айтов, Ө.Ақыпбековтің балалар поэзиясы бойынша «Шынашақ» антологиясынан өлеңдерін талдау. *«Қазіргі қазақ балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер» тақырыбында презентация дайындаңыздар* (Алмат Исәділ, Алмас Темірбай, Баянғали Әлімжанов, Нұрлан Қалқа т.б. ақындар поэзиясы бойынша)	А.Асылбековтің «Әдептілік әліппесі», Е.Елубаевтің «Туады, шығады, түседі, келеді»,Н.Айтовтың «Қартаймайды күн неге» өлеңдерін жаттау Ұ.Есдәулетов «Қара пима» поэмасын талдау.	Ж.Смақов, Қ.Мырзалиев өлең, ертегілері негізінде комикс жасау немесе анимациялық өнім жасау
6	Қазақ балалар прозасы. Балалар повесі. (Б.Соқпақбаев, М.Қабанбаев,Машқар Гумеров, Сансызбай Сарғасқаев, Сайд Баязитов, Нәсіреддин Сералиев, Молдахметов Қаназов, Шәкен Күмісбаев, Сайлаубай Жұбатаров, Бекен Ыбырайымов)	***Практикалық сабақ №6*** «Менің атым Қожа», «Ергежейлілер еліне саяхат», «Балалық шаққа саяхат» повестеріне талдау (кейіпкерлері, сюжеті), оқыған -оқымағанын тексеру *«ПОПС формуласы» арқылы повестің құндылығы туралы пікірлеріңізді білдіріңіздер.* ***Практикалық сабақ №7*** М.Қаназовтың «Чико-Дабылдың баласы» повесін талдау (кейіпкерлері, сюжеті), оқыған-оқымағанын тексеру *«Балық қаңқасы» тәсілімен (мәселе, себептері, дәлелдер, қорытынды) талдап, қорытынды жасаңыздар.* Сансызбай Сарғасқаев «Тәмпіш қара», «Бір көшенің балалары» повесін талдау (кейіпкерлері, сюжеті), оқыған-оқымағанын тексеру Сайын Мұратбеков, М.Мағауиннің балаларға арналған прозасы	Машқар Гумеров, Сайд Баязитов, Нәсіреддин Сералиев, Молдахметов Қаназов, Шәкен Күмісбаев, Сайлаубай Жұбатаров, Бекен Ыбырайымов шығармашылығы бойынша *тест* тапсырмасын құрау.	1970-80 жылдардағы қазақ прозасы. Зерттеулерге *шолу* жасаңыз.
7	М.Қабанбаев шығармашылығы. «Арыстан, мен, вилончель және қасапхана», «Пысық	***Практикалық сабақ №8*** «Сурет салғым келмейді» повесіне «Ойлаудың алты қалпағы» тәсілі арқылы «ақ қалпақ» (пролемаға қатысты деректерді талассыз	«Арыстан, мен, вилончель және қасапхана	Эссе жазу (еркін тақырып) М.Қабанбаев шығармашыл

	болдым, мінекей» «Сурет салғым келмейді» повестері. Эссе туралы түсінік, оның түрлері.	келтіру), «сары қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айту), «қара қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтсіз кезеңдерін айту), «көк қалпақ» (талдау жасау, «не үшін?», «неге», «неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздеу), «жасыл қалпақ» (тың деректер мен болжамдар айту), «қызыл қалпақ» (сезімдерін тұжырымдау, ой қорытындысын жасау) көзқарастарыңызды білдіріңіздер.	повесінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктері не талдау жасау (жазбаша)	ығы негізінде
8	Қазіргі кезең балалар повесі. Әбдірайым Толымбек Тұнжыр. Хикаят.	***Практикалық сабақ №9*** 1 А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» хикаятын салыстыру талдау (кейіпкерлері, сюжеті), оқыған-оқымағанын тексеру *«Балық қаңқасы» тәсілімен (мәселе, себептері, дәлелдер, қорытынды) талдап, қорытынды жасаңыздар.* *Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», М.Твен «Том Сойердің басынан кешкендері» повесімен салыстыру* 2 С.Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» повесін оқып, *әдеби талдау* жасаңыз.	Қазіргі кезең балалар повесі дамуын «Венн диаграмасы» арқылы салыстырыңыздар.	«Қазақ балалар повесіндегі балалық бейнесі» тақырыбына

9-10	Қазақ балалар әңгімелері. Қазіргі кезең балалар әңгімелері	***Практикалық сабақ №10-11*** А.Алтайдың «Дегеледегі қызыл күн», Р.Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне», А.Алтай «Сарытау серісі», «Аютамыр», «Бөкентұмсық», Жаңабай Кемал «Шөлдеген шағала», Маркиза Базарбайқызы «Су – тазалық», Әбдірайым Толымбек «Қайыңның көз жасы», Әлібек Файзулллаев «Ақ көбелек», «Ақ қар», «Жаратылысты жете білу» әңгімелері бойынша «Ойлаудың алты қалпағы» тәсілі арқылы алты топқа бөлініп, «ақ қалпақ» (пролемаға қатысты деректерді талассыз келтіру), «сары қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтті кезеңдерін айту), «қара қалпақ» (кейіпкерлер өмірінің сәтсіз кезеңдерін айту), «көк қалпақ» (талдау жасау, «не үшін?», «неге», «неге байланысты?» деген сұрақтарға жауап іздеу), «жасыл қалпақ» (тың деректер мен болжамдар айту), «қызыл қалпақ» (сезімдерін тұжырымдау, ой қорытындысын жасау) көзқарастарыңызды білдіріңіздер. Маркиза Базарбайқызы «Әкесін іздеген ұл», «Топлай», Нұрбек Нұржанов «Аспанға ғашық құс бала», Бейбіт Сарыбай «Рауғаш ерте гүлдейді», А.Қиықбай, Қ.Қиықбай, Ә.Байбол әңгімелеріне талдау	*«Бірге оқиық» айдарымен фейсбук, Тик-ток желісінде шығарма мазмұнын насихаттау*	аргументтік эссе жазыңыздар.

		Практикалық сабақ №11 Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?», Аянгүл Мантай «Балалықтың көктемі», «Бөрте» әңгімелеріне *образдық талдау;* Қанағат Әбілқайырұлы. Қанағаттың «Естелік», «Сурет» және «Аққұлақ пен ұялас» атты әңгімелерінің сюжеттік ерекшеліктерін атаңыздар. Лира Қоныс балалар әңгімелерінің көркемдік мәні жөнінде ой қорытыңыз. «Венн диаграмасы» арқылы Әдина Жүсіп ертегілерін қазақ ертегілерімен салыстырыңыздар. *Мақала жазуға машықтандыру*	Айгерім, Қуат Қиықбай әңгімелері бойынша презентация дайындаңыз дар. Балалар әдебиетінің математика, физика, астрономия мен байланысы. Шағын жоба қорғау	«Балалық шақ»концепті сі. Мақала жазу
11-12	Қазақ фантастикасы мен фэнтезиі Таупық Рымжановтың «Зэйтүнқарлығаштың ерлігі» фэнтезиін оқу, әдеби талдау. Бекен Ыбырайымов «Аспандағы саяхат» әдеби талдау.	***Практикалық сабақ №12*** Зира Наурызбайдың «Алтын тостағанды іздеу» фэнтезиін талдау.	Рүстем Сауытбай «Шоко әлемі» роман-фэнтезиін оқу, әдеби талдау.	Синтез эссе жазу «Балалар фэнтезиіндегі кейіпкерлер»
13	Қазақ балалар драматургиясы	***Практикалық сабақ №13***	А.Ақтанованың «Қазақ	Қазақ балалар драматургия

	мәселелері, зерттелуі	Ә.Байбол пьесаларына талдау А.Ақтанованың «Қазақ балалар драматургиясы» оқу құралы бойынша конспект	балалар драматургиясы» оқу құралы бойынша конспект	сы бойынша тест құрастыру
14	Есіл-Көкше өңірі балалар әдебиеті. Балалар поэзиясы Көкше өңірі балалар әдебиеті. Балалар прозасы	***Практикалық сабақ №14*** 1. Ж.Сайн,Е.Ибраһим, Т.Қажыбай, Б.Әлімжанов, Қ.Төреғожа, Қ.Оспан, А.Темірбай поэзиясын талдау 2. С.Жүнісов, Е.Мырзахметов, С.Жетпісқалиевтердің балалар прозасын талдау	Есіл-Көкше өңірі зерттеушілерінің балалар әдебиеті туралы ғылыми ойлары	*«Бірге оқиық» айдарымен фейсбук, Тик-ток желісінде шығарма мазмұнын насихаттау*
15	Әдеби байланыстар. Шетел балалар әдебиеті	***Практикалық сабақ №15*** Х.Андерсен, Ағайынды Гриммдер ертегілері. Шетел балалар поэзиясы мен прозасы		

Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау

Платонусқа қорытынды бағаны есептеу формуласы
қорытынды баға = емтихан бағасы * 0.4+рұқсат рейтингі*0.6
рұқсат беру рейтингі = орташа ағымдағы баға *0.6+(аралық бақылау1+аралық бақылау2)/2 * 0.4 егер бағалаудың әрбір түрінің үлесін білдірсе, онда қорытынды баға орташа ағымдық бағаның 36% - ынан, №1 және №2 аралық бақылаудан 12% - дан және емтихан бағасынан 40% - дан тұрады

Пәнді оқу процесіндегі бақылау түрлері	Пайызбен бағалау
Ағымдағы бақылау	36
I аралық бақылау	12
II аралық бақылау	12
Қорытынды бақылау (ҚБ) Емтихан	40
Барлығы	**100**

Академиялық жетістіктердің интегралдық орташа балы (IGPA) – бұл білім алушының академиялық жетістіктерін кешенді бағалау, білім алушының академиялық жетістіктерінің деңгейі ретінде есептеледі және білім алушының оқу жетістіктерінің 0,5, зерттеу дағдыларының 0,35 және әлеуметтік құзыреттерінің 0,15 үлестерінің сомасы ретінде білдіреді.
IGPA IGPA = GPA*0,5 + IROS*0,35 + SCI*0,15 формуласы бойынша есептеледі, мұнда
GPA - белгілі бір кезеңдегі білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңіндегі осы жұмыс түрлері бойынша кредиттердің жалпы санына оқу жұмысының барлық түрлері бойынша қорытынды баға балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттер сомасының қатынасы);
IROS (Indicators of Research-Oriented Study) – индикаторлармен өлшенетін және олардың зерттеу дағдыларының орташа балын көрсететін зерттеу және жобалау қызметі процесінде білім алушының алатын дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы;
SCI (Social Competition Indicators) – индикаторлармен өлшенетін және оның әлеуметтік құзыреттерінің орташа балын көрсететін, білім алушының қоғамдық-әлеуметтік қызмет процесінде алатын дағдылары мен құзыреттерінің жиынтығы.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды дәстүрлі және ECTS (*иситиэс*) бағалау шкаласы арқылы бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік	Сандық	Балы (%-	Дәстүрлі жүйедегі бағасы

жүйе бойынша бағасы	баламасы	мазмұны)	
A	4	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	жақсы
B	3	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кажибаева Г.К.Балалар әдебиеті. Оқу құралы. Көкшетау,2017. -138б.
2. Кажибаева Г.К.Балалар әдебиеті. Қазақ балалар поэмасының өзекті мәселелері. Оқу құралы. Көкшетау,2016. -137 б.
3. Кажибаева Г.К., Айсенова Н.Н. Қазақ балалар әңгімелері. Электронды оқу құралы. Көкшетау, 2022
4. Ахтанова А.Балалар әдебиеті. Қазақ балалар драматургиясы. Семей, 2015
5. Қазақ балалар поэмасының антологиясы (құраст.Г.К.Қажыбаева).-Алматы: «Арда», 2011.-496б.
6. Қажыбаева Д.К. Қазақ балалар әдебиеті. Астана, 2011.-412 б
7. Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. Алматы: Арда, 2011
8. Қазыналы керуен (қазақ жазушыларының балаларға арналған повесть, әңгімелері)/құраст.О.Асқар /Алматы: «Балауса»,2008.-424б
9. Қазақ балалар әдебиетінің хрес.– Өнд.толықт.,1- бас. «Арман-ПВ» 2004. 1-кітап.
10. Шынашақ: Қазіргі балалар поэзиясының антологиясы /Құраст.: М.Әлімбаев, Қ.Баянбаев.–Алматы: Балауса, 1992. – 544 б
11. Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті. Алматы, 1976.
12. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, 1974.
13. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. Алматы, 1965.
14. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы(құраст.Ш.Ахметов).-Алматы: «Мектеп»,1980.-354б.
15. Шетел балалар әдебиеті. Астана, 2008
16. Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат»: Хикаяттар.-Алматы: «Раритет»,2005.-320б.
17. Әлімбаев М. Атадан қалған сөз. Алматы, 2003.
18. Баянбай Қ. Кемпірқосақ. Астана, 2003.
19. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. Алматы, 2003
20. Бегалин С. Шоқанасулары. Алматы, 1996.
21. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336
22. Қабанбаев М.Сурет салғым келмейді. Повестер мен әңгімелер. А., 1995
23. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы.Т.8-13. – А: Балауса, 1992.
24. Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар. Алматы, 1991.
25. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы, 1988.
26. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – А: Жазушы, 1988 – 320 б
27. Қазақ совет балалар жазушылары А., 1987
28. Сөзстан. А., 1983

Электрондық ресурстар:

1. Балаларға базарлық . Энциклопедия. *gylymordasy.kz* › bos-orindar
2. Тәтті алма. *tattialma.kz*

Бейімделетін білім беру технологиялары, оның ішінде инклюзивті білім беру үшін

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту кезінде олардың жеке мүмкіндіктерінің ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттілігіне қарай олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін бейімделген білім беру технологияларын (инклюзивті білім беру) пайдалану көзделеді. Бейімделетін білім беру технологиялары: арнайы оқу құралдары мен дидактикалық материалдарды,

ұжымдық және жеке пайдалануға арналған арнайы техникалық оқыту құралдарын және т. б. ұсыну. Қашықтықтан білім беру технологиялары олар үшін қолжетімді нысандарда ақпаратты қабылдау-беру мүмкіндігін көздеуі тиіс. Байланыс және өзіндік жұмыс үшін мультимедиялық кешендерді, электронды оқулықтар мен оқу құралдарын пайдалану ұсынылады.

Оқу пәні мен академиялық этика саясаты Ш. Уәлиханов атындағы КУ білім алушыларының арнамыс кодексі туралы ережеге СМЖ П 4.01-2020: 9.2.2 сәйкес

білім алушы:

этикалық, академиялық және құқықтық бұзушылықтарға, оның ішінде төмендегілерді болдырмау:

- кез келген өзіндік жұмыстарды жазу кезінде плагиатқа;
- жалған нәтижелер беру;
- шпаргалкаларды, дәріс жазбаларын және басқа да техникалық құралдарды қоса алғанда, білімді бақылаудың әртүрлі нысандарының барлық кезеңдерінде рұқсат етілмеген көздерді пайдалану;
- жоғары баға алу үшін туыстық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану;
- оқытушыны алдау, адалдық және жаңылыстыруды қоса алғанда, оқытушыны құрметтемеуді;
- себепсіз сабақтан қалу ((сабақты босатқан күндерінеберілген тиісті анықтама/хат күні мен ресми мөрі көрсетіліп келесі сабақтан кешіктірмей оқытушыға ұсынылуы тиіс);
- сабақта қатты сөйлеу, шу шығару, аудиторияға кіру және аудиториядан шығу;
- сабақта ұялы телефонды өшіруге немесе діріл режиміне ауыстыруға тиіс;
- Ш. Уәлиханов атындағы КУ-да қабылданған корпоративтік этика кодексін ұстану тиіс.

Әзірлеуші: _____ ф.ғ.к., қауым. профессор Кажибаева Г. К.